

Н.Б.Жанұзақов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: Zhanuzakov.n@mail.ru)*

## **Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесіндегі көптілді білім берудің өзектілігі**

Мақалада жалпы білім беру жүйесіндегі көптілді білім беру жүйесі зерттелді. Қазіргі кезде көптілді білім кеңістігінің дамуы Қазақстан үшін тән жағдай, себебі көптілділік үштілділікке қарағанда: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білумен қатар, ана тілін меңгеруді де қарастырады. Сонымен қатар Қазақстанда қостілділік пен үштілділіктің негізі болып табылатын мемлекеттік тіл болуы қажет. Аталған мәселе үштілділікті мемлекеттік тіл негізінде дамытқан кезде ғана дұрыс шешімін табады. Қазақ тілі көшбасшы тіл ретінде біздің еліміздегі жүргізіліп отырған тіл саясатында өзіндік мәртебесін біртіндеп арттырып келеді.

*Кілт сөздер:* көптілділік, қостілділік, көптілді білім беру, үштілді білім беру, қостілді білім беру, үштұғырлы тіл, оқу-тәрбиелік үдеріс, тілдік және тілдік емес пәндер, көпмәдениетті тұлға, көптілді тұлға, лингводидактика, шетел тілдік білім, деңгейлік оқыту, көптілді білім берудің тұжырымдамасы.

Қазақстандық қоғамда экономикалық және әлеуметтік жаңғыру кезінде аса маңызды аспектілердің бірі — тіл саясаты. Аталған ұлттық мемлекеттік тіл саясатына Елбасының үлкен назар аударғандығы белгілі және жан-жақты зерттеуге әрі сараптауға лайық, өйткені біздің республикада мемлекетіміздің Басшысының бастауымен «Үштұғырлы тіл» бірегей жобасы іске асырылуда. Көптілді және көпмәдениетті заманауи әлемде тілдердің түйінділігі, қоғамдарды шоғырландыру бойынша тілдер аумағында тиімді және өмірге қабілетті бағдарламаларды іздеу мәселесі өткір тұр. Осыған байланысты Президенттің «Үштұғырлы тіл» идеясын жүзеге асыру нәтижесінде көптілді білімнің маңыздылығы мен өзектілігі ешқандай күмән келтірмейді.

Н.Ә.Назарбаев өзінің сөйлеген сөздерінде көпұлтты қазақстандық қоғам үшін көптілді дамытудың мәні мен маңыздылығы туралы бірнеше рет айтқан. Қазақстандағы үштұғырлы тіл идеясын Президент алғаш рет 2004 жылы айтты, кейін бұл тақырыпқа бірнеше рет тоқталды. Ал 2007 жылы «Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын сатылап іске асыруды ұсынды.

Міне, дәл сол кезден бастап тәуелсіз Қазақстанның жаңа тіл саясаты жүргізіле бастады, ол бүгінгі күні қоғамдағы мәлімділігі жағынан және өзінің нәтижелілігі жағынан әлемдегі басқа елдер үшін үлгі бола алады.

Халықтық рухани даму процесіне үйлесімді ене отырып, тілдік саясаты әлеуметтік жаңғырудың ауқымды жалпы саясатынан ажырамайды. Президент жаңғыру табысты болу үшін әрбір азамат өз еліне пайдалы болу керек деп есептейді. Жаңғыру барлық қазақстандықтар үшін қажет [1].

«Халқы үш тілді қолданатын: бұл қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі ғаламдық экономикада табысты ықпалдасу тілін меңгерген Қазақстан барлық әлемде жоғарғы білімді ел ретінде танылу керек деп», — Президент бірнеше рет атап көрсетті [2]. Ғаламдық экономикада белсенді ықпалдасушы, Елбасы атап көрсеткендей, қазақстандықтар үшін үштұғырлы тіл идеясы уақыт талабына сай аса маңызды. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі бүгінгі күні мынандай қарапайым шындықты түсіну және жүзеге асыру: үстемдік тілдер арқылы білім алған адамға ғана әлем есігінің ашық екеніне көз жеткізу.

Президенттің бастамасымен біздің мемлекет білімде көптілділік тұжырымдамасын жүзеге асыруға кірісіп кетті, себебі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға осы көптілділік қызмет етеді.

Қазақстандағы заманауи тілдік жағдай үштұғырлы тілді қоғамдық келісімді нығайтудың маңызды факторы ретінде айтуға болады.

Тілдер мен мәдениеттің әр алуандылығы, олардың тең дәрежеде бірлесе өмір сүруі, сөзсіз, біздің елдің байлығы ол жүргізіліп отырған тіл саясаты барлық ұлттар мен ұлыстардың тіл құқығының сақталуы, тілдесу үшін еркін тіл тандауы, білім алуы, шығармашылық қажеттіліктерді іске асыруды қамтамасыз етеді. Үштілділікті дамытудың айқындылығы қазақстандық қауымдастық үшін тек

бірдей саяси, идеологиялық, мәдени тұғыр болғанда ғана мүмкін және бұл тұғырнама Президенттің «Үштұғырлы тіл» жобасының маңызын түсіндірген кезде берілген қазақ тілін — мемлекеттік тілі ретінде, орыс тілін — ұлтаралық қатынас тілі ретінде, ағылшын тілін — жаһандық экономикада ықпалдасудың табысты тілі ретінде үйрену. Аталған үш тілді меңгеру үшін жасалған тең дәрежедегі жағдайларды жасау, олардың қызмет көрсету дәрежесінің тең емес екенін, қызмет көрсету жүктемесінің тең емес екенін және, соңында, олардың мәртебесінің тең еместігін білдірмейді. Бұл жерде аталған мәдени жобаның педагогикалық құрылымына көп көңіл бөлініп, ауқымды түрде көптілді білім ретінде белгіленуі мүмкін. Сонымен қатар соңғы жылдардағы Қазақстандағы тілдік жағдайға байланысты айтылған сөздердің белсенділігі көптілділікпен байланысты, бұл дегеніңіз, тілдік білімнің жаңа қырлары туралы айтуға болатының көрсетеді.

Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кеңейген шақта адамның қоғамдық та, тұлғалық та рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Жалпы білім беретін мектепте оқытылатын әрбір пән оқушы тұлғасын жетілдірумен қатар оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Оқушының жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруші мұғалім мәдениеттілік, шығармашылық, инновациялық тұрғыдан ойлай алатын және бірнеше тілді білетін маман болуы шарт.

Бүгінгі технология және жаһандану заманында өскелең ұрпақты көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үдерісін іздестіру қарқынды жүргізіліп отырғанын байқауға болады. Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы көптілділік болып табылады.

Қазір көптілді білім беру — мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Көптілді білім беру — көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты.

Жаһандануға бет бұрған заманда көптеген ұлттық айырмашылықтар азайып, олар үшін аға буын аталарымыздың адамгершілік тәжірибесі мәнін жоғалта бастады. Сондықтан мұғалімнің алдында әр халықтың мәдени құндылықтарын, аға буынның барлық үздік тәжірибелерін пайдалану арқылы әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолайлы білімдік ортаны құру сияқты маңызды міндет тұр. Яғни, көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді, әрі тиімді өмір сүруге мүмкіндігі мол, өзге мәдениеттерге түсіністік және құрметпен қарай алатын, бейбіт және ынтымақтастықта өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін көптілді білім беру қажет.

Көптілді білім мазмұны ана тілі мен мемлекеттік тілде, сонымен қатар бір немесе бірнеше шетел тілінде жүйеленген білім, білік және дағдыны қамтуы тиіс. Көпмәдениеттілік жағдайында көптілді білім беруді жүзеге асырудың негізгі идеясы оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі тілдерді пайдалануға ынталандыру, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмай, өзге елдің де мәдени құндылықтарын бойына сіңіре алу болып табылады.

Елімізде үздіксіз жүргізілетін маңызды іс — тіл саясатын жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді — қазақ, орыс және ағылшын тілдерін — жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау.

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру — бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Бірақ іргелі білім негіздерін меңгеру болашақтағы түбегейлі мақсат болғандықтан, көптілділіктің «туын» көтеріп, стандарт мазмұнын білім алушыларға толығымен жеткізу, одан оң нәтиже алу артқы шекте қалып қалмауы әдістемелік ізденістерді талап етеді. Олай болса, аудармасыз оқыту мәселесі тәжірибеде толығымен дұрыс нәтижеге жеткізіп жатыр деп айта алмаймыз. Қазақстанның бүгінгі жағдайында оқушылар білім мазмұнын жетік меңгеру үшін білімді оқыту тілінде қабылдауы тиіс. Соның негізінде екінші тілді меңгере алады. Ал аудармасыз оқыту — көптілділікті дамытудың келесі сатысы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі мектеп түлегі — көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің

жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпықазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға.

Еліміздің орта мектептеріндегі оқыту процесінде көптілділікті дамытудың басты тұжырымдары: тәуелсіз Қазақстанның үш тілді қатар пайдалана алатын мемлекет ретінде дамуы; «Үштұғырлы тіл» ұлттық жобасы — қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы; көптілділік — тілдер мен мәдениеттер байланысын дамытушы құбылыс.

Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені мәдениет мен тілдердің саналуандығы — бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі — мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім — көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою — бүгінгі таңда орта білім жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі.

Тілдердің үштұғырлығы туралы идея 2006 жылдың қазанында Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделді. Ол мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуіндегі өмірлік қажеттіліктерге негізделді. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды. Президент 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын кезеңді жүзеге асыруды бастауды ұсынды [3].

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» іске асырылуы үш кезеңге бөлініп отыр. 2011–2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған. 2014–2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көзделіп отыр [4]. 2017–2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген. Бағдарлама бойынша мемлекеттік тілді қазақстандық өзге ұлт азаматтарының 2014 ж. — 20 %-ы, 2017 ж. — 80, 2020 ж. — 95 %-ы, сонымен қатар орыс тілін 2020 жылы қазақстандықтардың 90 %-ы, ағылшын тілін 2014 ж. — 10, 2017 ж. — 15, 2020 ж. — 20 %-ы меңгеру керек деген мақсат қойылуда. Үш тілді меңгерген халықтың бөлігі 2014 ж. — 10 %, 2017 ж. — 12, 2020 ж. — 15 % құрау керек деген міндет қойылып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті — Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы аясында білім беру саласындағы стратегия мен саясатты қайта пайымдау жүргізілуде.

Елбасы «Қазір біз балаларымыз **қазақ тілімен** қатар **орыс** және **ағылшын** тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз» деп, осы мәселеге орай белсенді түрде іс жүргізу қажеттігін белгілеп берді. Аталған үш тілдің әрқайсысының функционалдық мүмкіндіктері мен өзіндік орындарын барынша ашу қажет.

Ұлттық бірлік доктринасында мемлекеттік тіл негізгі басымдықпен, сонымен қатар рухани және ұлттық бірліктің басты факторы екендігі айқындалған. Тілдерді меңгеру — әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті, бұл олардың қоғамдық өмірде бәсекеге қабілеттілігі мен белсенділігін айқындайтын болуы тиіс.

Осы бағдарламаны іске асыруда отандық білім беру жүйесінің үлесі басым болмақ. Алдымен, қазақстандық білім жүйесі бәсекеге қабілетті болу үшін, мектеп түлектері кез келген шет елде оқуын жалғастыра алатын деңгейге жетуі қажет. Оның негізі — әлемдік тілді жетік білу. Қазақстан білімінің

жақсы дәстүрін сақтай отырып, оқушыларды халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету кейінге қалдырылмайтын мәселе.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» // Егемен Қазақстан. — 2007. — № 55. — 11–13-б.
- 2 Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2011. — № 110. — 5–7-б.
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. — 2012. — [ӘР]. Қолжетімді тәртібі: [strategy2050.kz.ru](http://strategy2050.kz.ru).
- 4 Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы: Ресми басылым. — ҚР Заңы 06.01.2011 ж. — № 378-IV. — [ӘР]. Қолжетімділік тәртібі: [kapshagay.gov.kz.news](http://kapshagay.gov.kz.news).

Н.Б.Жанұзақов

### **Актуальность полиязычного образования в системе общего образования в Республике Казахстан**

В статье рассмотрены вопросы полиязычного образования в системе общего образования. Показано, что в настоящее время для Казахстана характерно развитие полиязычного образовательного пространства. Полиязычие предполагает, наряду с изучением казахского, русского, английского, знание родного языка. Вместе с тем, отмечает автор, существует мнение, что в основе билингвизма и трехязычия в Казахстане должен быть государственный язык. Определено, что данная проблема найдет правильное решение, если трехязычие будет развиваться на основе государственного языка. Доказано, что казахский язык, как доминирующий язык в проводимой языковой политике в нашей стране, постепенно укрепляет свой статус.

N.B.Zhanuzakov

### **The topicality of multilingual education in the system of general education in the Republic of Kazakhstan**

In this article describes topicality of multilingual education in the system of general education. Currently, Kazakhstan is characterized by the development of multilingual educational space. Multilingual involves more than trilingual, since along with the study of the Kazakh, Russian and English, you need knowledge of the native language. However, it is believed that the basis of bilingualism and trilingual in Kazakhstan should be the official language. This problem will be the right decision if trilingual will be developed on the basis of state language. The Kazakh language is the dominant language of the language policy pursued in our country is gradually strengthening its status.

#### References

- 1 *Address by the President New Kazakhstan in the new world*, Egemen Kazakhstan, 2007, 55, p. 11–13.
- 2 *State program development and functioning of languages for 2011–2020*, Egemen Kazakhstan, Astana, 2011, 110, p. 5–7.
- 3 *Address by the President of the Republic of Kazakhstan Strategy Kazakhstan – 2050*, Astana, 2012, <http://strategy2050.kz.ru>
- 4 *Law of the Republic of Kazakhstan Concerning languages in the Republic of Kazakhstan*. The official publication. Law of the Republic of Kazakhstan from January 6. 2011. № 378-IV, <http://kapshagay.gov.kz.news>.